



Аудан орталығы – Чапаев ауылынан оңтүстікке қарай 71 км жерде, Жайықтың оң жағалауында орналасқан. Тұрғыны 0,9 мың адам (1999) 1994 жылға дейін Батурин селосы деп аталып келген. Іргесі 1965 жылы П.С.Батурин атындағы қаракөл қой кеңшарының құрылуына байланысты қаланды. Ақсуатта және округке қарасты Каленный, Қосауыз ауылдарында орталау мектептер, мәдениет үйі, 2 кітапхана, дәрігерлік амбулатория және фельдшерлік пункт бар.

### Ақсуат ауыл кітапханасы



*Ақсуат ауылдық кітапханасы мәдениет үйі ғимаратының 54 кв.м көлеміне орналасқан.*

1968 жылы Батурин селолық советінде қарасты (қазіргі Ақсуат) екі кітапхана Батурин, Каленный ауылдық кітапханасы ашылды. 1970 жылдары Батурин ауыл кітапханасы ауыл ішіндегі кішкентай ғана клуб жанындағы бөлмеде болды. (суретте) Батурин ауыл кітапханасы ашылған кезде ауыл тұрғындарының көмегімен және кітапханалардан дублетті әдебиеттер бөлініп, 5000-дай кітапхана қоры болды. Алғашқы кітапханашы **М.Қуанышқалиева** ауыл тұрғындарын рухани біліммен сусындатып, әр түрлі тақырыптарда шаралар ұйымдастырып, сонымен қатар, кітапхана ісіндегі жаңалықтардың басында жүргені мәлім. Осы апайдың бастауымен Батурин ауылдық кітапханасында жүйелі, әріпнамалық каталог 1973 жылы құрыла бастады. Осы жылдарда «Жастар арасындағы идеялық тәрбие жұмыстарының жайы және оны жақсарту шаралары туралы» бағытта кітапханалардың негізгі жұмысы еңбектегі ерліктер жайлы жазылған әдебиеттерді насихаттауды кітапханашылар өз қолдарына алып, коммунистік тәрбие берудегі мәселені бірінші орынға қоя білді.

1970-1980 жылдары қызмет атқарған кітапханашылар еліміздегі жаңалықтарды, КПСС съездерін насихаттаумен қатар, қазақ совет әдебиеттерінің негізін салушылар С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» кітабы бойынша оқырмандар конференциясын өткізді. Оған атап : «Сәкен Сейфуллин - қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы» - деген плакат ұйымдастырылды. Ғ.Мустафиннің «Дауылдан кейін», Б.Майлин, І.Жансүгіровтардың да әдебиеттерін насихаттап, көпшілік шаралардың түрлерін ұйымдастырды. Осы бағытта кітапханашылар **Р.Хамзина, Т.Мустафина** кітапхана ісіне өз үлестерін қосты.

1970 жылдары Үкімет қаулысына орай елді мекендердің ерекше климат, географиясына байланысты Батурин совхозы кукуруза егу шаруашылығына бейімделді. Соған байланысты осы кезде кітапханашы болған **Ұ.Какимова** диқаншылардың егін алқабына жана газет, журналдармен қамтамасыз етіп «Боевой лист» және «Молния» жар газеттерін, соц. міндеттемелерін әзірлеп, егіншілерге әрдайым жылжымалы кітапхана ұйымдастырып, ауылдың көркеуіне, шаруада жүрген адамдардың демалуына өз үлестерін осылайша қосты.



қосты.

1989 жылдан бастап қазіргі кезге дейін **Джалелова Роза** Ақсуат ауыл кітапханасының кітапханашы міндетін атқарып келеді. Ауыл тұрғындарының, әріптестерінің арасында өз мамандығын жоғары дәрежеде көрсетіп отырған маман.

Ақсуат ауыл кітапханасы жыл сайын 900 ден астам оқырманға қызмет көрсетеді. Кітапхана қорында 20 мыңнан астам дана, кітап берілімі 13 мыңдай. Кітапханашы оқырмандарға қызмет

көрсетіп,

библиографиялық,

анықтамалық ақпараттық жұмысын жүргізіп, кітап көрмелерін, мәдени көпшілік шараларын өткізеді.



2004 жылы Аудандық

кітапхана мен мәдениет бөлімінің бірлесуімен Ақсуатта Қазақстан жазушысы Сәбит Досановпен (суретте) ) кездесу кешін,

2004 жылы жергілікті ақын Рақышева Гүлия Жоламанқызының алғашқы «Жан жүрегім-жырларым» атты кітабының тұсаукесер кешін өткізді.

Оқырмандардың күнделікті ақпараттық сұраныстарын қанағаттандыруда мерзімді басылымдардың ролі ерекше. Ақсуат ауыл



(Мұқанғалиева Р.Х. Жазушы С.Досановпен кездесу//Жайық таңы.-2004.-12 шілде.-б.3

кітапханасы 10-15 атаулы мерзімдік басылымдар алуда. Жастардың рухани, мәдени және білімін көтеру бағытындағы жұмыс ауыл кітапханаларында кеңінен жүргізілуде. Жасөспірімдерге кітапханалық сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге, жастар ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктер арасында байланысты нығайтуға бағытталуда.

Ақсуат ауылдық кітапханасындағы оқырмандардың 20% жастар мен жасөспірімдер құрайды.

Кітапханашы салауатты өмір салтын қалыптастыруға белсене атсалысады, сондай-ақ жастар арасында нашақорлықтың, СПИД-тің, шылым шегу мен арақтың зияны туралы түрлі шаралар өткізеді.



Кітапханада оқырман балалар 200 болса, оған 5000 дана кітап берілімі қамтамасыз етіледі. Жыл сайын оқырман саны мен оларға берілетін әдебиеттердің берілімі өсіп отыр, осыған орай

барлық жұмыс негізі оқырмандардың қызығушылығы мен әдебиетке деген сұранысы зерттеліп отырылады. Оқырман-балалардың ақпараттық, мәдени және білімділік сұранысын қанағаттандыру, шығармашылығын дамыту бағытында «Самғау» клубы жұмыс істейді.

«Самғау» клубы 2003 жылы Ақсуат ауылдық кітапханасында құрылды. Клубтың «Жарғысы», «Қағидасы» өз рәмізі бар. Клуб ұраны «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ». Клуб алдына төмендегідей мақсаттар қояды:

- балалардың мәдени демалуын ұйымдастыру;



- жасөспірімдерді клубқа тарта отырып, ел ішінде елеусіз, көріне алмай

жүрген шығармашылықпен айналысатын жас оқырмандарды тауып,

шығармашылықтарына жол ашып, жария болуына жағдай жасау;

- поэзияға деген сүйіспеншілік жүректен шыққан сөзді мәнерлеп жеткізе білу;



- халықтық жырау, жыршы, ақын поэзиясын құрметтеу, сақтау,



ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу;

- өз-өзін тәрбиелеу, өз бетімен білім алу;
- «Самғау» клубы аясында кітапханада мәдени шаралар өткізіліп отырады. Айына екі рет кітапханада клуб мүшелерімен отырыс өтеді, онда болашаққа жоспар жасалынып, өткен шаралар туралы пікір алмасады. Клуб мүшелері арасында поэзия минуттарын өткізу «Жас қалам» жар үнқағазын шығару дәстүрге айналған.

### **Ақбұлақ ауылдық кітапханасы**

*Ақбұлақ ауылдық кітапханасы  
ОКЖ-нің баланстық есебіндегі  
кітапхана ғимаратында орналасқан.  
Жалпы көлемі- 24кв.м*

1930 жылдардан аудандық білім бөліміне қарасты Сахарный бастауыш мектебі жанынан «оқырман отауы» ашылып, ол мектеп оқушыларына, ауылдың тұрғындарымен қоян- қолтық жұмыстар жүргізді. Ауылдық зиялы қауымы саналған кітапханашы ол кезде еліміздегі күрделі бір мәселе сауатсыздықпен күресуге атсалысты.

1957 жылы атқарушы комитеттінің 1957 жылдың 27 мамырындағы «О перемещений культурно-просветительный учреждений» шешіміне сәйкес Сахарный ауылындағы кітапхананы Горячкин ауылындағы кітапханаға көшіру туралы мәдениет бөлімі № 83 бұйрығында көрсетілген. Осы жылдан бастап кітапхана жабылған.

Каленый поселкесін 1952 жылға дейін орыс халқы мекендеп, санаулы қазақ үйлері болған. Сол кездерде поселкеде 500-ге тарта үй және шіркеу болды. Мектеп жанынан ашылған кітапхана үйі мәдени ағарту жұмыс бөлімінің қарауында болды.

1950 жылдың 1 наурызындағы мәдени ағарту бөлімінің № 8 бұйрығында Каленый ауылындағы кітапханаға кітапхана меңгерушісі қызметіне **Есенғалиев Нығмет** қабылданған.

1951 жылы **Н.Есенғалиев** жұмыстан босатылып, орнына **Башенятова Августина** кітапхана меңгерушісі қызметіне қабылданды. Сонымен қатар, осы жылдар аралығында **Косарева Александра** да кітапханада қызмет атқарған.

Совхоз болып құрылған Каленый ауылы 1952 қоян жылы малдары қырылып, тарап кеткен. Сол жылы жаз айынан бастап Орда ауданына қоныс аударып, Орданың К.Е.Ворошилов атындағы колхозы Каленый ауылына қоныстанды.

1955 жылдарда **Темірғалиев** Каленый ауылындағы кітапхана меңгерушісі қызметін атқарған. (*мәдениет бөлімінің 1955 жылғы 28 қыркүйектегі № 127 бұйрығы негізінде*)

1952-57 жылдарға дейін Каленый – К.Е.Ворошилов атындағы колхоздың орталығы болып, Сахарный ауылы колхоздың фермасы болды .

Каленный ауыл кітапханасы 1968 жылдары клуб жанындағы бөлмеде орналасқан. Ауыл тұрғындарының, мәдениет бөлімінің көмегімен ұйымдастырылған кітапханада алғашқы кітапханашы болып **С.Жантуғанова** қызмет атқарды. Көптеген үйірмелер ашып, Советтік салт ғұрыптарын үнемі жетілдіріп отыру, жұмысшы қатарына ену жеке белгілер тапсыру, озық кәсіп мамандығын атап өту сияқты елеулі күндермен оқиғаларды салтанатты түрде өткізу кітапханашының игі қызметтері және маңызды бір саласы екенін көпшілік шараларды өз деңгейінде өткізіп отыру арқылы жеткізе білді. Апамыз істеген сәттерде кітапхана жұмысы одан әрі жақсара түсті. Ауылдың көркеюіне саналы ұрпағымыздың өсуіне өз еңбегін сіңірген жан.

1968 -1988 ж. аралығында Ақбұлақ ауылда клуб жетекшісі болып мәдениет саласында **Нұрмуханова Райхан Жұбанқызы** жұмыс істеп бастады. Ол кездерде мамандықтың тапшылығына байланысты кітапхана қызметін киномеханик Райхан Жұбанқызына жүктелген болатын. Кітапхана қызметінің жұмыс әдістерімен тәсілдерін жетілдіре беруде кітапхана қызметкерлерін білім дәрежесін көтеріп, іс тәжірибесін шындауға Орал қаласына кітапханашылардың бір айлық курсына жолдама беріліп, оқып шықты. Кітапханада оқырман арасында түрлі шаралар ұйымдастырып, оқырмандарға кітап оқуына барлық мүмкіншіліктер жасады.



Жасөспірімдерді өмірдегі кездес етін зиянды әдеттерден сақтандыру және өздерін соған қарсы күреске жұмылдыру мақсатында: «Комсомолдық шын сөз», «Адам адамға дос», «Қандай болғың келеді?» т.б тақырыптарда шаралар жүргізілді. Еңбекшілердің бос уақытымен демалысын, творчестволық пен мәдениетті де мазмұнды тынығуын ұйымдастыруда кітапхананың негізгі бір саласы. Осы бағытта «Бос уақыт деген не?», «Сенің бос уақытың», «Демалыс сағатын ұйымдастыра білесің бе?», сияқты тақырыптар қызу талқыланатын шараларды ұйымдастыра білген Райхан апай өзінің зор еңбегі үшін, кітапхана жұмысымен қатар ауыл өміріндегі барлық шараларға, өзгерістерге үлесін қосып бірнеше мақтау қағаздарымен марапатталған.




1988 жылдан бастап Ақбұлақ ауылдық кітапханада мамандығы бойынша жас маман **Тоғызбаева Ләйлә Қошқалиқызы** еңбек жолын бастады. Оқырмандарын тауып, кітапханада жасөспірімдермен түрлі шаралар ұйымдастырып, мектеп кітапханасымен тығыз қарым қатынаста жұмыс, яғни жасөспірімдер арасында танымдық ойындар ұйымдастырып, түскен


әдебиеттермен таныстырып отырады. Ауыл өміріндегі барлық шараларға қатынасып жаңа талантарын көзін ашуда аудан бойынша өткізген байқауларға, сайыс, концерттарға оқырмандар арасынан өнерпаздар тауып, Совхоз күндерін өткізуге өз дәрежесінде: совхоздың өмірі мен тарихына, еңбек озаттары мен ардагерлеріне байланысты көрмелері мен баяндамалар әзірлеуде өз салмағын қоса білді. Кітапхана ісіндегі жаңашылықты тәжірибесіне еңгізе отырып әр топтағы оқырмандарға жеке оқу жоспарларын құрып кітап насихаттап отырды. Ләйләнің ұйымдастырушылық, үгіт насихат жұмыстарына қабілетілігі науқандық жұмыстар, сайлау кезінде бағаланып жүр.

2006 жылдың қыркүйек айынан бастап Ақбұлақ ауыл кітапханасында **Утуғалиева Гүлбаршын Аманкелдіқызы** кітапханашы қызметін атқарып келеді. 2006 жылдың 8 маусымындағы № 169 аудан әкімінің шешімімен Ақсуат ауыл округіне қарасты Каленный ауылының атауы Ақбұлақ болып өзгертілді. Ауыл атауының өзгеруіне байланысты Ақбұлақ ауылдық кітапханасы болып тұрғындарға кітапханалық қызмет көрсетіп ,жұмысын жалғастыруда. Ауылдың әр түрлі саяси науқандарда белсене қатысып үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп . Яғни кітапхана көрнекілігі ,әр сала бойынша кітап қоры көбейіп оқырмандарға кітап оқуына барлық мүмкүншіліктер жасап түрлі кітапханалық шаралар ұйымдастырып, ауыл тұрғындар, мамандар, жастар арасында тығыз қарым-қатынас жасап, бірігіп оқырмандарға қызмет көрсетуде.

Қазіргі таңда Ақбұлақ кітапханасының кітап қоры 8 мыңнан астам , 350-ге тарта оқырманы бар . Биылғы жылы яғни 2008 жылы Утуғалиева Гүлбаршын аудандық кітапханашылар байқауында кәсіби дәрежесі бағаланып жүлделі 3-ші орынды жеңіп алды.



Ақжол ауыл округіндегі кітапханалардың 1985-2007 жылдар аралығындағы оқырмандар, кітап қорының орташа есеппен алынған көрсеткіштері.



Ақжол ауыл округіндегі кітапханалардың 2004-2008 жылдар аралығындағы мерзімді басылым көрсеткіштері.